

Дулат Бабатайұлы

Орындған: Орынтаева Назгүл

Тексерген: Ләззат Ескенқызы

Өмірбаян

Дулат Бабатайұлы 1802 жылы, Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданында туылған. Ауыл молдасынан оқып, мұсылманша сауат ашады. Алайда, ақындық өнерді ерекше қастерлеген аймақта өмір сүрген, көне ақын, жыраулар мұрасынан, ескі тарихи аңыздар мен эпикалық жырлардан нәр алып өскен Дулат өз заманындағы аса зерделі адамдардың бірі болды. Өнер жолына ерте түскен Дулат ХІХ ғасырдың орта шенінде Сарыарқадағы ең атақты ақындардың санатына қосылды. Өмірінің соңғы күндеріне дейін үлкен құрметке, даңққа бөленіп өткен ақын 1874 жылы өз елінде қайтыс болады.

Бұқар мен Ақтамберді жырауларды ұстаз тұтқан, көне түркі поэзиясынан тағылым алған, өлеңді суырып салып та, жазып та шығарған Дулат қазақ поэзиясын мазмұн, тақвн жағынан барынша байыпта түсті, түр, көркемдік тәсілдер тұрғысынан жаңа сатыға көтерді. Ақынның терең мағыналы өлеңдері ұлы Абайға да әсер етті.

Дулат Бабатайұлы «Айтқызбасымды айтқыздың» өлеңінде:

Менің атым –Байғыз қарт...

Орынсыз күлер күлкім жоқ,

Есепсіз ұйқым жоқ.

Көзге қораш бойым бар,

Теңізден терең ойым бар,

Шынардан биік санам бар,

Атан өгіз ағызған

Ақылдан алпыс салам бар.

Қорған құрыш сөзім бар,

Бұлттан өтіп, мұнарды

Болжайтұғын көзім бар...

Қайратымнан атым зор,

Белгілі атым әлемге,-

дейді.

Мұны ақынның авторитеті десе де болады, Мұндағы ел тағдырын ойлап, сирек күліп, аз ұйықтайтын, атағы алыстарды шарлаған кемеңгер, ақылы дария, сөзі алтыннан ауыр Байғыз қарт –ақынның өзі.

Шығармашылығы

Ақын «Тегімді менің сұрасаң», «Ал қарағай сұлу сындарлы», «О Сарыарқы, Сарыарқа», «Асқар таудың сәні жоқ» атты өлеңдерінде ел басқару ісіндегі озбырлық, әділетсіздікті, патшаның отаршылдық саясатының әсерінен жер-қонысынан айрылған ел жағдайын сөз етсе, «Сүлейман», « Кеңесбайға», «Бараққа», «Ел аралаған ишанға», «Еспембет» өлеңдерін жеке кісілерге арнайды.

Зар заман көріністері

Дулат – қазақ халқының бұрыннан қалаптасқан тұрмыс қалпын өктем зорлықпен бұзған ХІХ ғасырдың ақыны. Дулат көзімен көріп, жүрегімен сезініп өсті.

Қазақтан шыққан әкімдердің ұнаисыз қылықтарын ақын жалпылама аты- жөнсіз ғана сипаттама қоймайды. Дулат оңдай әкімдердің мінін бетпе –бет, көп адамның алдында айтады. Оның «Бараққа», «Кеңесбайға», «Ақтанға» деген арнау өлеңдері соондай шығармалары болып табылады.